

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасында қаржылық ынтымақтастық туралы келісім (1998-1999 жылдар) және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасында қаржылық ынтымақтастық туралы келісім (2000 жыл) жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қыркүйек N 1261

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы қаржылық ынтымақтастық туралы келісімнің (1998-1999 жылдар) және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы қаржылық ынтымақтастық туралы келісімнің (2000 жыл) жобалары мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Жақсыбек

Әбдірахметұлы Құлекеевке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасында қаржылық ынтымақтастық туралы келісім (1998-1999 жылдар) және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасында қаржылық ынтымақтастық туралы келісім (2000 жыл) жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен
Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі
арасындағы
қаржылық ынтымақтастық
туралы
келісім
(1998-1999 жылдар)

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен
Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында қалыптасқан достық қарым-қатынастар рухында іс-қимыл жасай отырып, осы достық қарым-қатынастарды әріптестік қаржылық ынтымақтастық жолымен нығайтуға және тереңдетуге ерік білдіре отырып, осы қарым-қатынастарды қолдау осы Келісімнің негізінде жатқанын ұғына отырып, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға ниет ете отырып,

1998 жылғы 30 қарашада өткен үкіметаралық келіссөздерге, сондай-ақ 1999 жылғы 23 қарашадағы үкіметаралық келіссөздерге сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

(1) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе басқа алушыларға Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан (Майндағы Франкфурт қаласы) келесі сомаларды алу мүмкіндігін екі Үкімет бірлесіп жүзеге асыратын таңдау ұсынып отыр:

1. Мына жобаларды іске асыру үшін жалпы мөлшері 38 000 000 дейінгі несие (жазумен: отыз сегіз миллион) неміс маркасы:

а) 15 000 000 (жазумен: он бес миллион) неміс маркасына дейінгі мөлшерде " Шағын және орта кәсіпорындарға инвестициялық жәрдем (Шағын және орта кәсіпорындар пайдасына несие желісі)" (1998 жылғы уағдаластық);

б) 13 000 000 (жазумен: он үш миллион) неміс маркасына дейінгі мөлшерде "Арал өңірін ауыз сумен қамтамасыз ету" (1998 жылғы уағдаластық);

в) 10 000 000 (жазумен: он миллион) неміс маркасына дейінгі мөлшерде "Оңтүстік Қазақстан облысында энергияның молықпалы көздерін тиімді пайдалану" (1999 жылғы у а ғ д а л а с т ы қ) ;

егер жобаларды қарау қорытындысында оларды жүзеге асыруға қаражат бөлудің орындылығы анықталғанда .

2. 2 000 000 (жазумен: екі миллион) неміс маркасына дейінгі мөлшерде Зерттеулер және мамандар қорын құруға қайтарымсыз қаржы салымдары (1998 жылғы уағдаластық) .

3. Егер, жобаны қарау қорытындысында оны жүзеге асыруға қаражат бөлудің орындылығы анықталса болса және егер оның әлеуметтік инфрақұрылым жобасы бола отырып, қайтарымсыз қаржы салымын бөлу үшін алғышарт болып табылатын ерекше талаптарға сай болатындығы қуатталса, "Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі денсаулық сақтау бағдарламасы" жобасын жүзеге асыруға 5 000 000 (жазумен: бес миллион) неміс маркасына дейінгі мөлшердегі қайтарымсыз қаржы салымы (1999 жылғы уағдаластық) .

(2) Егер, осы баптың 1-тармағының 3-тармақшасында аталған қуаттау осында көрсетілген жобаға қатысты мүмкін болмаса, Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан (Майндағы Франкфурт қаласы) қайтарымсыз қаржы салымы ретінде көзделген сомаға дейінгі мөлшерде осы жобаны қаржыландыруға несие ұсынады .

(3) Осы баптың 1-тармағының 1 және 3-тармақшаларында көрсетілген жобалар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің келісуі бойынша басқа жобамен ауыстырылуы мүмкін.

(4) Егер, осы баптың 1-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген жоба қоршаған орта немесе әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы жобамен, не орта кәсіпорындарды кредитпен қамтамасыз ету жөніндегі кепілдік қормен немесе әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсартуға, не кедейлікпен күрес жөніндегі өзіндік көмектесуді дамытуға бағытталған шаралармен ауыстырылса және егер, осы жаңа жоба, қор немесе осы шаралар қайтарымсыз қаржы салымын бөлуге алғышарт болып табылатын ерекше талаптарға сай болса, онда мұндай салымның берілуі мүмкін; өзге жағдайда, несие берілуі мүмкін .

(5) Егер, Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мейлінше кеш мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы баптың 1-тармағында көрсетілген жобаны дайындау мақсатымен Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан (Майндағы Франкфурт қаласы) қосымша несие немесе қосымша қайтарымсыз қаржы салымын алу, не осы жобаны жүзеге асыру және оған қызмет қылу үшін қажетті тетелес шаралар қолдану мақсатымен қосымша қайтарымсыз қаржы салымын алуға мүмкіндік берген жағдайда, осы Келісім қолданылатын болады.

(6) Егер, дайындық және тетелес шаралар өткізу үшін осы баптың 5-тармағына сәйкес бөлінген қайтарымсыз қаржы салымдары мұндай шараларды жүзеге асыруға

пайдаланылмаса,

несиеге

ресімделеді.

2-бап

(1) Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген сомалар, оларды бөлу шарттары, сондай-ақ тапсырыстарды орналастыру рәсімі Германия Федеративтік Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институты (Майндағы Франкфурт қаласы) мен несиені және/немесе қайтарымсыз қаржы салымын алушылар арасында жасалған келісім-шарттармен р е т т е л е д і .

Егер несие және қайтарымсыз қаржы салымын беру туралы тиісті келісім-шарттар осы міндеттеме күшіне енген жыл өтісімен сегіз жыл мерзімде жасалмаса, осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген сомаларды беру жөніндегі міндеттеме өз күшін жояды. Бұл мерзім 1998 жылы келісілген сомаларға қатысты 2006 жылғы 31 желтоқсанда, ал 1999 жылы келісілген сомаларға қатысты - 2007 жылғы 31 ж е л т о қ с а н д а ө т е д і .

(2) Егер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзі несие алушы болып табылмаса, Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтына (Майндағы Франкфурт қаласы) осы баптың 1-тармағына сай жасалатын келісім-шарттарға сәйкес несие алушылардың міндеттемелері жөніндегі барлық төлемдердің неміс маркасымен о р ы н д а л у ы н к е п і л д і е т е д і .

(3) Егер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзі қайтарымсыз қаржы салымын алушы болып табылмаса, Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтына (Майндағы Франкфурт қаласы) осы баптың 1-тармағына сай жасалатын қаржыландыру туралы келісім-шарттар негізінде туындауы мүмкін қаражатты қайтару туралы мүмкін талаптарын қанағаттандыруды кепілді етеді.

3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтын осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген келісім-шарттардың

жасалуымен және жүзеге асырылуымен байланысты Қазақстан Республикасында алынатын барлық салықтан және басқа да мемлекеттік алымдардан босатады.

4-бап

Несие және қайтарымсыз қаржы салымын берумен байланысты жолаушыларды және жүкті құрлықпен, теңізбен және әуе жолымен тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жолаушылардың және жеткізушілердің тасымалдаушыны еркін таңдауын қамтамасыз етеді, Германия Федеративтік Республикасында орналасқан тасымалдаушылардың тең құқықты қатысуын болдырмайтын және күрделендіретін ешқандай шаралар қолданбайды және егер,

қажет болса, олардың қатысуы үшін қажетті рұқсат береді.

5-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі Германия Федеративтік Республикасының Үкіметіне Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуы туралы хабар берген күні күшіне енеді. Хабарлама түскен күн Келісімнің күшіне енетін күні болып саналады.

жылғы _____ әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде екі данамен жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей. Қазақ және неміс мәтіндерін түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, орысшасы негізгі мәтін болып табылады.

Қазақстан Республикасының	Германия Федеративтік
Үкіметі үшін	Республикасының
	Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен
Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі
арасындағы
қаржылық ынтымақтастық
туралы

келісім
(2000 жыл)

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен
Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында қалыптасқан достық қарым-қатынастар рухында іс-қимыл жасай отырып, осы достық қарым-қатынастарды әріптестік қаржылық ынтымақтастық жолымен нығайтуға және тереңдетуге ерік білдіре отырып, осы қарым-қатынастарды қолдау осы Келісімнің негізінде жатқанын ұғына отырып, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға ниет ете отырып, 2000 жылғы 28 қыркүйекте өткен үкіметаралық келіссөздерге сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

(1) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе басқа алушыларға таңдау ұсынып отыр, егер жобаны қарау қорытындысында оны жүзеге асыруға қаражат бөлудің орындылығы анықталса және егер оның әлеуметтік инфрақұрылым жобасы бола отырып, қайтарымсыз қаржы салымын бөлу үшін алғышарт болып табылатын ерекше талаптарға сай болатындығы қуатталса, "II-Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі денсаулық сақтау бағдарламасы" жобасын жүзеге асыруға Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан (Майндағы Франкфурт қаласы) 5 000 000 (жазумен: бес миллион неміс маркасы, Евромен есептегенде: 2 556 459,41) неміс маркасын алу мүмкіндігін екі Үкімет бірлесіп жүзеге асырады.

(2) Егер, осы баптың 1-тармағының 3-тармақшасында аталған қуаттау осында көрсетілген жобаға қатысты мүмкін болмаса, Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан (Майндағы Франкфурт қаласы) қайтарымсыз қаржы салымы ретінде көзделген сомаға дейінгі мөлшерде осы жобаны

қаржыландыруға

несие

ұсынады.

(3) Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің келісуі бойынша басқа жобамен ауыстырылуы мүмкін.

(4) Егер, осы баптың 1-тармағында көрсетілген жоба қоршаған орта немесе әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы жобамен не орта кәсіпорындарды кредитпен қамтамасыз ету жөніндегі кепілдік қормен немесе әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсартуға, не кедейлікпен күрес жөніндегі өзіндік көмектесуді дамытуға бағытталған шаралармен ауыстырылса және егер, осы жаңа жоба, қор немесе осы шаралар қайтарымсыз қаржы салымын бөлуге алғышарт болып табылатын ерекше талаптарға сай болса, онда мұндай салымның берілуі мүмкін; өзге жағдайда, несие берілуі мүмкін.

(5) Егер, Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мейлінше кеш мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы баптың 1-тармағында көрсетілген жобаны дайындау мақсатымен Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан (Майндағы Франкфурт қаласы) қосымша несие немесе қосымша қайтарымсыз қаржы салымын алу, не осы жобаны жүзеге асыру және оған қызмет қылу үшін қажетті тетелес шаралар қолдану мақсатымен қосымша қайтарымсыз қаржы салымын алуға мүмкіндік берген жағдайда, осы Келісім қолданылатын болады.

(6) Егер, дайындық және тетелес шаралар өткізу үшін осы баптың 5-тармағына сәйкес бөлінген қайтарымсыз қаржы салымдары мұндай шараларды жүзеге асыруға пайдаланылмаса, несиеге ресімделеді.

2-бап

(1) Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген сомалар, оларды бөлу шарттары, сондай-ақ тапсырыстарды орналастыру рәсімі Германия Федеративтік Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институты мен несиені және/немесе қайтарымсыз қаржы салымын алушылар арасында жасалған келісім-шарттармен реттеледі.

Егер несие және қайтарымсыз қаржы салымын беру туралы тиісті келісім-шарттар осы міндеттеме күшіне енген жыл өтісімен сегіз жыл мерзімде жасалмаса, осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген сомаларды беру жөніндегі міндеттеме өз күшін жояды. Осы сомаларға қатысты мерзім 2008 жылғы 31 желтоқсанда өтеді.

(2) Егер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзі несие алушы болып табылмаса, Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтына осы баптың 1-тармағына сай жасалатын келісім-шарттарға сәйкес несие алушылардың міндеттемелері жөніндегі

барлық төлемдердің неміс маркасымен орындалуын кепілді етеді.

(3) Егер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзі қайтарымсыз қаржы салымын алушы болып табылмаса, Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтына осы баптың 1-тармағына сай жасалатын қаржыландыру туралы келісім-шарттар негізінде туындауы мүмкін қаражатты қайтару туралы мүмкін талаптарын қанағаттандыруды кепілді етеді.

3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтын осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген келісім-шарттардың жасалуымен және жүзеге асырылуымен байланысты Қазақстан Республикасында алынатын барлық салықтан және басқа да мемлекеттік алымдардан босатады.

4-бап

Несие және қайтарымсыз қаржы салымын берумен байланысты жолаушыларды және жүкті құрлықпен, теңізбен және әуе жолымен тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жолаушылардың және жеткізушілердің тасымалдаушыны еркін таңдауын қамтамасыз етеді, Германия Федеративтік Республикасында орналасқан тасымалдаушылардың тең құқықты қатысуын болдырмайтын және күрделендіретін ешқандай шаралар қолданбайды және егер,

қажет болса, олардың қатысуы үшін қажетті рұқсат береді.

5-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі Германия Федеративтік Республикасының Үкіметіне Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуы туралы хабар берген күні күшіне енеді. Хабарлама түскен күн Келісімнің күшіне енетін күні болып саналады.

жылғы _____ әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде екі

данамен жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей. Қазақ және неміс мәтіндерін түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, орысшасы негізгі мәтін болып табылады.

Қазақстан Республикасының	Германия Федеративтік
Үкіметі үшін	Республикасының
	Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК